

«Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Қызылұйым ауылының негізгі орта мектебі» КММ-нің №5 педагогикалық кеңесі отырысының

Хаттамасы

Өткізілген күні: 30.04.2025 жыл

Қатысқандар: 12 мұғалім, шаруашылық меңгерушісі Нұржасаров Қ.Ш. және кітапханашы Солтанбекова Н.А.

Күн тәртібінде:

1. Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы

Тыңдалды:

Мектептің өзін-өзі бағалауы туралы мектеп директоры Копенова Ақбаян Қайырбекқызы сөз сөйледі:
-«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын өзін-өзі бағалауы туралы айтылды. Білім беру ұйымдарының білім беру қызметін, өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру қажеттігі айтылды. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес алдыңғы бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау болып табылмайтын білім беру ұйымдарын жыл сайынғы бағалау оқу нәтижелеріне бағалау жүргізбей өткізіледі. Сонымен қатар, білім алушылардың қорытынды аттестаттауын ескере отырып, бағаланатын кезең толық оқу жылы болып табылатыны айтылды. Мектептің өзін-өзі бағалау мақсатында комиссия құруды ұсынып, қажетті құжаттарды жинақтау керектігін ескертті.

Шешімі:

1. Мектеп қызметінің тиімділігін, білім беру қызметінің сапасын арттыру және оның міндетті ісінің табыстарын өзін-өзі әділ бағалауды талдау мақсатында мектептің өзін-өзі бағалауын өткізу.
2. Мектептің өзін-өзі бағалау кезінде арнайы бағалау комиссиясын құру.
3. Мектептің оқу жағдайы, оқу әдістемелік, ғылыми зерттеу қызметі, кадрлық мүмкіндігі, материалдық-техникалық базаның жағдайы, ақпараттық-әдістемелік қамтамасыздығы, білім беру бағдарламаларын жүзеге асырудағы қызметінің тиімділігі мен мемлекеттік жалпы міндетті стандарттарды игеруін қарастыру.

Мектеп директоры:  А.Қ.Копенова
Хатшы:  Н.А.Солтанбекова

